



**ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ
СЕРІКТЕСТІК**



Тұрақтандырылған және тұратандырылмаған көмірсутектерді өндіру

143,9
млн. б.м.э.



Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі

0,06



Тіркелетін оқиғалардың жалпы жиілігі

0,18



Жол-көлік оқиғалары жиілігі

0,00



Газды кәдеге жарату

99,92%



Сатып алудағы қазақстандық қамту үлесі

59,3%



Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру: басшылық құрам

83%



Шетелдік қызметкерлерді жергілікті мамандармен алмастыру: білікті мамандар мен супервайзерлер

97%



БАС ДИРЕКТОРДЫҢ АЛҒЫСӨЗІ

Коронавирус пандемиясы салдарынан болған дүниежүзілік мұнай-газ саласының құлдырауына қарамастан, Компанияның өндірістік нысандары қауіпсіздік талаптарына және 2020 жылға белгіленген өндіріс көрсеткіштеріне сай жұмыс жасады.



Құрметті оқырмандар,

КПО компаниясы үздік қолжетімді технологияларды қолдану және ЕК, ҚТ және ҚОҚ стандарттарын сақтау арқылы Қарашығанақ кен орнын үздіксіз дамытуды жалғастырады. Сондай-ақ біз аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму мүмкіндіктерін жақсарту бағытында өз үлесімізді қосып келеміз.

Өткен жылы біз сұйық көмірсутектер өндірісі бойынша жоспарланған көрсеткіштен асып түстік, сондай-ақ жыл сайынғы сұйық көмірсутектер өндірісі, газды кері айдау көлемі және газ өндірісінің жалпы көлемі бойынша жаңа деңгейді белгіледік. 2020 жылы Қарашығанақ кен орнында мұнай баламасында 143,9 млн. баррель көмірсутек өндірілді. 10,4 млрд. текше метр құрғатылған қышқыл газ қабатқа кері айдалды, бұл жалпы өндірілген газ көлемінің 51,3%-не тең. Жалпы алғанда, қолданып келе жатқан құрылымдалған тәсілдеріміздің арқасында біз өндірісте, шынымен де, керемет жетістіктерге қол жеткіздік.

Коронавирус пандемиясы салдарынан болған дүниежүзілік мұнай-газ саласының құлдырауына қарамастан, Компанияның өндірістік нысандары қауіпсіздік талаптарына және 2020 жылға белгіленген өндіріс көрсеткіштеріне сай жұмыс жасады.

Біз қоршаған ортаға әсерлерді анықтау және оларды бақылау үшін, сонымен қатар бұл саладағы көрсеткіштерімізді үнемі жақсарту мақсатында кешенді экологиялық менеджмент жүйесін қолданып келеміз. Эмиссияларды азайту, қалдықтарды басқару және жаңа технологияларды қолдану Компанияның басты назарында. КПО-ның арнайы CO₂ шығарындылары көрсеткіші өндірілген көмірсутектердің мың тоннасына шаққанда 68 тоннаны құраса, парниктік газ шығарындыларын азайту көлемі CO₂ баламасының 251,3 мың тоннасына жетті. Шығарындыларды азайту бойынша шаралар мен технологияларды сәтті жүзеге асыру арқылы КПО газды кәдеге жарату бойынша 99.9% көрсеткішіне қол жеткізді және Компанияның жалпы экологиялық көрсеткіштері әлемдік деңгейде болып қала берді.

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруге Қазақстандық жеткізушілер мен өндірушілерді жұмылдыруға белсенді жұмыс атқарып келеді. 2020 жылы КПО-ның тауарлар, жұмыстар мен қызметтерді жеткізу келісімшарттарындағы жергілікті қамту үлесі 59% құрады.


Кітапшадағы ақпарат Компанияның негізгі қызметтерін жете түсінуге көмектеседі деп сенемін. Толығырақ ақпаратты КПО-ның жыл сайынғы тұрақты даму есебінен және www.kpo.kz КПО вебсайтынан табуға болады.

Джанкарло Рую
КПО бас директоры

БҰҰ ТҰРАҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ТҰРАҚТЫ ДАМУ КОДЕКСІНДЕ
АЙҚЫНДАЛҒАН ҚАҒИДАЛАР АРҚЫЛЫ ЖЕТУ



1-СУРЕТ. ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК
НЫСАНДАРЫ МЕН ӨНІМІ



КПО НЫСАНДАРЫ

Көмірсутектерді өндіру мен өңдеу жұмыстары бір-бірімен байланысқан негізгі үш қондырғыда іске асады: Қарашығанақ өңдеу кешені (ҚӨК), ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3. Негізгі нысандарды байланыстырып, өндірістік ағындарды ұңғымадан қондырғыларға қарай және қондырғылар арасында бағыттап, өнімдерді жинауға және бөлуге арналған ішкі өндірістік құбырлар жүйесі шамамен 2000 км-ді құрайды. Сондай нысандардың қатарына Мұнайды бастапқы өңдеу станциясы мен Эко орталығы жатады.

2020 жылдың аяғына қарай Қарашығанақ кен орнының жалпы қоры 467 ұңғыманы құрады, оның ішінде 114 өндіру мен 19 кері айдау ұңғымалары жұмыс істейді.

ӨНІМДЕР ЖӘНЕ ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР

КПО тұрақтандырылған және тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектерді, тазартылмаған газды және жанармай газын өндіреді және өңдейді.

2020 жылы өндірілген сұйық өнімнің шамамен 99,8% тұрақтандырылған мұнай күйінде Каспий құбыр желісі консорциумы, Атырау-Самара құбыр желісі арқылы және әрі қарай Транснефть желісі бағытымен батыс нарықтарына сатылды.

КПО 2020 жылы қабат қысымын ұстап тұру үшін ~ 10,4 млрд м³ газды кері айдады, ол өндірілген газдың шамамен 51,3%-на тең.

2-СУРЕТ. ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТАР



ӨНДІРУ ЖӘНЕ САТУ КӨЛЕМІ

№ 1-Кесте. 2020 жылғы өндіріс көлемі

		2018 г.	2019 г.	2020 г.
Жалпы өндіріс көлемі*	млн. б.м.э.	147,5	137,9	143,9
Тұрақтандырылған мұнайдың жалпы көлемі	мың т	10 953	10 147	10 941
Газ өндірісінің жалпы көлемі	млн. м ³	18 913	18 615	20 214
Газды кері айдау көлемі	млн. м ³	8 589	8 711	10 362
Газды кері айдау Сатылмаған, қабатқа кері айдалған газ көлемі				
ҚӨК-де ішкі қажеттіліктер үшін пайдаланылған Тазартылған газ	млн. м ³	723,6	685,4	851,0

* Жалпы өндіріс көлемі көрсеткішінде қабатқа кері айдалған газ көлемі жоқ

№ 2-Кесте. 2020 жылғы сатылымдар

		2018 г.	2019 г.	2020 г.
Жалпы сатылымдар көлемі	млн б.н.э.	143,5	134,7	139,4
Тұрақтандырылмаған сұйық көмірсутектер Орынбор ГӨЗ және шағын МӨЗ жеткізілетін конденсат	тыс. т.	615*	9,9	24
Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер Тұрақтандырылған сұйық көмірсутектер ҚҚК және Атырау- Самара құбыры арқылы жеткізілетін	тыс. т.	10 365	10 160	10 857
Тазартылмаған газ Орынбор ГӨЗ-на жіберілетін	млн м ³	9 493	9 113	8 986
Тазартылған газ БҚО тұрғындарының қажеттіліктері үшін	млн м ³	95	89	90

*Қарашығанақ шикі газын қайта өңдеудің тұрақтандырылмаған конденсат жеткізілімдеріне тәуелділігін жою жобасын іске асырумен байланысты Орынборға тұрақтандырылмаған конденсатты жеткізу 2018 жылдың қазан айында тоқтатылған болатын



2020 ЖЫЛЫ КПО КОМПАНИЯСЫ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛҒАН ЖӘНЕ ТҰРАҚТАНДЫРЫЛМАҒАН СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР КҮЙІНДЕ 143,9 МЛН. БАРРЕЛЬ МҰНАЙ ЭКВИВАЛЕНТІНДЕ (Б.М.Э.) ӨНІМ ӨНДІРДІ. 2020 ЖЫЛЫ ГАЗДЫ ЖЕТКІЗУ КӨЛЕМІ 8,986 МЛРД. М³ ЖЕТТІ.

ӨНДІРІСТІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІН ҰСТАП ТҰРУ ЖОБАЛАРЫ



ҚӨК-ДЕ ГАЗ БОЙЫНША
ӨНДІРІСТІК ШЕКТЕУ-
ЛЕРДІ АЛУ (СӨША)



4-ШІ ГАЗДЫ КЕРІ
АЙДАУ КОМПРЕС-
СОРИН ОРНАТУ



5-МАГИСТРАЛДЫ
ҚҰБЫР ЖЕЛІСІН
САЛУ

МАҚСАТ: ҚӨК НЫСАНЫНДА ГАЗДЫ ӨҢДЕУ ЖӘНЕ ГАЗДЫ ҚАБАТҚА КЕРІ АЙДАУ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ӨНДІРІСІ КӨЛЕМІН ҚАУІПСІЗ ҰЛҒАЙТУ.



ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ (ҚКЖ-1)

- КПО кезеңдерге бөлініп жоспарланған Қарашығанақты кеңейту жобасының 1-кезеңі арқылы (ҚКЖ-1) Қарашығанақ кен орнын игеру бағытында жұмыстарын жалғастырып келеді.
- ҚКЖ-1 жүзеге асыру Құрушы компанияларға да, Қазақстан Республикасына да қосымша пайда әкелетіні сөзсіз. Бұл табыс кен орындағы өсіп келе жатқан газ факторымен (ГФ) байланысты мәселені шешу үшін қосымша ұңғымаларды, көмірсутек шикізатын өңдеу мен дайындау нысандарын және газ айдауды іске қосу арқасында тұрақты сұйық көмірсутектерді өндіру және дайындау көлемін сақтап тұру арқылы пайда болады.

ҚАРАШЫҒАНАҚ КЕҢЕЙТУ ЖОБАСЫ-1А (ҚКЖ-1А)

2020 жылғы желтоқсан айында Қарашығанақ жобасы бойынша серіктестер Қарашығанақты кеңейту жобасы-1А (ҚКЖ-1А) жобасын санкциялау келісіміне қол қойды. ҚКЖ-1А жобасы ҚӨК газы бойынша өндірістік шектеулерді алу (ҚГӨША) және 4-газды кері айдау компрессоры (4-компрессор) жобалары жетістіктері негізіндегі Қарашығанақ кен орнын үздіксіз дамытудың жаңа әрі маңызды кезеңі. Коронавирус пандемиясына, онымен байланысты сапар шегу шектеулеріне және жеткізудегі кідірістерге қарамастан 2020 жылы екі жоба бойынша да айтарлықтай табысқа қол жеткіздік. «5-газды кері айдау компрессорының және басқа да ілеспе нысандардың құрылысын көздейтін ҚКЖ-1А жобасы сұйық көмірсутектер өндіріс деңгейін көтеруге бағытталған, бұл, өз кезегінде, Қазақстан Республикасы мен Қарашығанақ жобасының серіктестері үшін зор үлес қосып, қосымша пайда әкелуге мүмкіндік береді. Бұл жоба аясында Қазақстан азаматтары үшін жаңа жұмыс орындары құрылады. Жобаны іске асыру кезіндегі КПО басты мақсаттарының бірі жергілікті мердігерлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатындағы жергілікті қамтуды барынша арттыру.

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қарашығанақ сияқты техникалық тұрғыдан күрделі мұнай, газ және конденсат кен орнын игеру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету табысты жұмыстың шешуші факторы болып табылады. Табиғатпен үйлесімді жұмыс жасау күрделі мәселе. Бұл саладағы КПО-ның жетістіктері тек Қазақстан бойынша салалық әріптестермен емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде танылды.

Жоба операторы қызметін атқарғаннан бері 1998 және 2020 жылдар аралығында КПО өз қызметін жүргізетін аймақтың қоршаған ортасын қорғауға бағытталған арнайы табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруға 432 млн. АҚШ долларын инвестициялады. Қазақстан аймағында қазіргі таңда белгілі болған “Жасыл экономика” Қарашығанақ кен орнында консорциум жұмыс бастағаннан бері жүзеге асырылуда. КПО өз қызметтерін аймақ биотүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне барынша аз әсермен жүргізуді көздейді. Сондықтан да кен орны аймағында аққуларды, түлкілерді, тіпті “Қызыл кітапқа” енген сирек жануарларды кездестіруге болады.

Компания тек заманауи жабдықтарды пайдаланып, мұнай-газ өнеркәсібіндегі ең озық технологияларды қолданады. Сондай-ақ ластаушы заттар шығарындыларын азайту, қалдықтарды кәдеге жарату мен жаңа технологияларды енгізуге бағытталған шаралар басты назарда. 2020 жылғы Қарашығанақ кен орнындағы газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,92% -ті құрады, бұл әлемдік деңгейдегі көрсеткіш.



КПО өз қызметтерін аймақ биотүрлілігін сақтап, орта экожүйесіне барынша аз әсермен жүргізуді көздейді.





ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ЖӘНЕ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІ

Компания қауіп-қатер факторларын бастапқы кезеңде анықтауды, қоршаған ортаға тиетін кері әсерді жоюды және осы саладағы көрсеткіштерді үздіксіз жақсартуды көздейтін Қоршаған ортаны және энергетикалық басқару жүйелерін іске асырып келеді.

- 2020 жылғы тамызда КПО ISO 14001: 2015 және ISO 50001:2018 жаңа нұсқасы талаптарына сәйкестік бойынша сертификаттау аудитін сәтті аяқтады. Бұл аудит RINA, жаңа сертификаттау кәсіпорнымен жүргізілді.
- КПО-ның қоршаған ортаны және энергетикалық басқару жүйелері тиімді деп танылып, ISO 14001: 2015 және ISO 50001:2018 халықаралық стандарттармен үйлестірілген.



2020 ЖЫЛҒЫ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

2020 жылғы қоршаған ортаны қорғау шараларын жүзеге асыру Компанияға келесі нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік берді:

АТМОСФЕРАҒА ТАСТАЛАТЫН ШЫҒАРЫНДЫЛАР

- 3 ұңғыманы игеру кезінде жоғары қысымды сепараторларды пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 240 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Мұнайды айдау үшін жоғары қысымды сорғыны пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 3,769 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді;
- Қабатқа әсер ету үшін көмірсутек негізіндегі сұйықтықтарды (Latix немесе Deisel) пайдалану ауаны ластаушы заттардың көлемін 447 тоннаға азайтуға мүмкіндік берді.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ ЖӘНЕ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БАСҚАРУ

Бұл саладағы жұмыстар түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға нақты және ықтимал қаупін азайтуға бағытталған. Компанияда қалдықтарды өңдеудің келесі әдістері қолданылады, атап айтқанда:

- Қалдықтарды өндірістік процеске қайта жіберу;
- Қалдықтарды Экоорталық қондырғыларында өңдеу;
- Қалдықтарды Экоорталық нысандарына орналастыру;
- Қалдықтарды кейінгі орналастырумен, өңдеумен және жоюмен айналысатын мамандандырылған мердігерлік ұйымдарға беру.

2020 жыл қорытындысы бойынша:


- Қалдықтарды қауіпсіз және тиімді басқару жүйесін ұйымдастыру, сондай-ақ түзілетін қалдықтардың адамдар мен қоршаған ортаға тиетін нақты және ықтимал қаупін азайту мақсатында 2020 жылы КПО келесі негізгі іс-шараларды жүзеге асырды:

- 2 664,4 тонна тазартылған сұйықтық, тұздық пен өндірілген мұнай бұрғылау ерітіндісі мен тұздықтарды дайындауға пайдаланылды.
- Коммуналды және өндірістік қалдықтардың 771,1 тоннасы сұрыпталып, жалпы мақсаттағы пеште (ЖМП) өртеуге және 1,9 тоннасы айналмалы пеште (АП) өңделуге жіберілді, және тек қалдықтардың 127,9 тоннасы қатты қалдықтар полигонында орналастырылды;
- Сұрыпталған және өңдеуге және қайталама шикізат ретінде қайта пайдалануға жіберілген көлем:
 - 101,3 тонна макулатура, 2019 жылмен салыстырғанда 1%-ке көп (100,26 тонна);
 - 8,9 тонна метал сынықтары, 2019 жылмен салыстырғанда 17,5%-ке аз (10,8 тонна);
 - 23,8 тонна пластик, 2019 жылмен салыстырғанда 21,6%-ке аз (30,36 тонна).
- Пайдалы компоненттерді қалпына келтіру/қоқысты өртеу нәтижесінде қоршаған ортаға тасталған қалдықтар көлемі 88%-ке азайды;
- «Оператор РОП» ЖШС жасасқан келісімшарт бойынша пайдаланылған батареялардың 16,5 тоннасы жойылды.
- 2 232 тонна құрылыс қалдықтары арнайы ұйымдарға қайта өңдеуге және қайта пайдалануға жіберілді;
- 2020 жылы ҚМГКК-дағы бұрғылау ерітінділерін дайындауға, теректерді суаруға және шаң басуға тазартылған ағынды суларды қайта пайдалану көлемі 18 313 м³ құрады. Қайталама пайдаланылған ағындардың көлемі жалпы таза техникалық суды пайдаланудың 4,7%-ін құрады.

ТОПЫРАҚТЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

2020 жылы ұңғыма операциялары мен құрылыс жұмыстары салдарынан зақымдалған жердің 59,3 га қайта қалпына келтірілді.

№ 1-сызба. Газды жағу және кәдеге жарату, 2006 – 2020 жылдар аралығы






ПАРНИКТІК ГАЗ ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫН АЗАЙТУ

2020 жылғы КПО-ның арнайы CO₂ шығарындылары көрсеткіші өндірілген КС мың тоннасына шаққанда 63 тонна CO₂ құрады (№3-кесте).

№3-кесте. 2020 жылғы ПГ шығарындыларын азайту шаралары

№	Шаралар	Шығарындыларды азайту, CO ₂ тонна/жыл		Орындалу %
		Жоспар	Іс жүзінде	
1	Тазарту кезінде жоғары қысымды сепараторды пайдалану	219 018	9 993	5
2	Тазарту кезінде мұнайды қондырғыға жіберу үшін жоғары қысымды сорғыны пайдалану	8 880	414	5
3	Мұнай негізіндегі қабатқа әсер ету сұйықтығын (дизель немесе оған ұқсас) пайдалану	10 100	11 532	114
4	Ұңғыманы игеру кезінде үлкен көлемді газ үлесі бар өнімдерді айдау үшін жер үсті сорғысын қолдану	6 270	108 623	1 732
5	ҚӨК алау коллекторы клапандарына техникалық қызмет көрсету	18 622	26 043	140
6	№4-технологиялық желідегі бу шығын өлшегіш жұмысын реттеу	9 733	21 621	222
7	ГКДҚ-2 компрессорын кешенді жетілдіру	12 518	73 063	584
Барлығы:		285 141	251 289	88

CO₂ шығарындылары көлемінің нақты азаюын есептеу үшін 2016–2020 ж.ж. бекітілген ПГ шығарындыларын азайту бағдарламасындағы әдістер мен коэффициенттер қолданылды.



БИОТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУ БОЙЫНША ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ АЯСЫНДА 2020 ЖЫЛҒЫ ШІЛДЕДЕ ЭНТОМОФАУНАНЫҢ ТҮР ҚҰРАМЫ МЕН АЛУАН ТҮРЛІЛІГІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ҚМГКК ҚЫЗМЕТІМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚАНДАЙ ДА БІР АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРІСТІҢ БАРЖОҒЫН АНЫҚТАУ МАҚСАТЫНДА ЭНТОМОФАУНАҒА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІЛДІ. 2020 ЖЫЛЫ ЖҮРГІЗІЛГЕН МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ БОЙЫНША БИОТОПТАР МЕН ЭНТОМОФАУНАҒА АЙТАРЛЫҚТАЙ КЕРІ ӘСЕР АНЫҚТАЛҒАН ЖОҚ.

ҚОРШАҒАН ОРТА МОНИТОРИНГІ

КПО өндірістік экологиялық бақылау (ӨЭБ) бағдарламасына сәйкес жан жақты қоршаған ортаны қорғау мониторингін жүргізеді. Өндірістік экологиялық бағдарламасы аясында өндірістік қызметтердің қоршаған ортаға ықтимал әсерін бағалау мақсатында қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға (шығарындылар, ағын сулар, қалдықтарды өңдеу және орналастыру), сонымен қатар қоршаған орта компоненттерінің сапасына (атмосфералық ауа, жер үсті және жер асты сулары, топырақ) бақылау жүргізіледі.

ӨЭБ бағдарламасы сынамалар алу/өлшем жүргізу орындарын, анықталатын компоненттердің тізімі мен мониторинг жүргізу жиілігін бекітеді.

КПО ауа сапасын аккредиттелген зертханамен сынамалар алу және талдау арқылы, сондай-ақ Қарашығанақ кен орнында және санитарлық қорғау аймағы периметрінде орналасқан 18 автоматты экологиялық мониторинг станциялары (ЭМС) арқылы бақылайды. Әрбір ЭМС-да ауа құрамындағы (H_2S) күкірт сутегісін, (SO_2) күкірт диоксидін, (NO_2) азот диоксидін, (CO) көміртек оксидін бақылауға арналған үздіксіз жұмыс істейтін төрт (4) талдағыш орнатылған. Ауада бақыланатын ластаушы заттардың құрамы жоғары деңгейде болғанда хабарлау жүйесі ескерту дабыл белгісін береді.

БИОТҮРЛІЛІК

КПО-ның биотүрлілікті сақтауға бағытталған қағидалары мен әдістерін белгілейтін негізгі құжат – Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары (БСЖ). Оның мақсаты – фауна мен флораның барлық түрлерінің және ҚМГККО аймағындағы олардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ету.

Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары аясында 2020 жылғы шілдеде энтомофаунаның түр құрамы мен алуан түрлілігін зерттеу және ҚМГКК қызметімен байланысты қандай да бір айтарлықтай өзгерістің бар-жоғын анықтау мақсатында энтомофаунаға мониторинг жүргізілді. 2020 жылы жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша биотоптар мен энтомофаунаға айтарлықтай кері әсер анықталған жоқ.



ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АҒАРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖӘНЕ НАСИХАТТАУ

2020 жылғы Экологиялық хабардарлықты арттыру науқаны аясында 2020 жылы келесі негізгі іс-шаралар жүргізілді:

- Жасыл кеңсе концепциясын жүзеге асыру бойынша шараларды анықтауды және КПО-дағы экологиялық мәдениетті арттыруды қамтыған ХЛТ жиналысындағы Экологиялық көшбасшылық семинары;
- Ынталандырушы спикер, эко блогер және “Жасыл драйвер. Қаладағы эко өмірдің коды” кітабының авторы Роман Саблиннің қатысуымен Компания қызметкерлеріне арналған ынталандыратын эко тренинг.
- Нысан қызметкерлерімен өткізілген экологиялық семинарлар, онда ғаламдық экологиялық мәселелер және әрбір КПО қызметкерінің қоршаған ортаға тигізетін әсері мен зардабын азайтудағы жеке үлесінің маңыздылығы талқыланды;
- Энегияны үнемдеу және қоршаған ортаны қорғау бойынша әртүрлі салалардың кәсіби спикерлерін жұмылдырып, КПО және мердігер қызметкерлер және олардың отбасыларына арналған бірнеше онлайн вебинар өткізілген КПО энергетика аптасы;
- КПО және мердігер қызметкерлері арасында өткізілген «Энергия үнемдеу – балалардың көзімен» атты балалар сурет салу байқауы; “Біздің жасыл болашағымыз” байқау нәтижесі бойынша жеңімпаздардың қатысуымен бейнеролик шағарылды.
- Экологиялық постерлермен бірге КПО жасыл ережелері шығарылды. Аталмыш ережелер қызметкерлердің өзгеріске дайындығын ынталандыруға және жеке және Компанияның қоршаған ортаға әсерін азайтуға атсалысуға бағытталған.




КПО-ның биотүрлілікті сақтауға бағытталған қағидалары мен әдістерін белгілейтін негізгі құжат – Биотүрлілікті сақтау бойынша шаралар жоспары (БСЖ). Оның мақсаты – фауна мен флораның барлық түрлерінің және ҚМГККО аймағындағы олардың тіршілік ету ортасының сақталуын қамтамасыз ету.


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

2020 жылдың соңына қарай Компанияның өзінде және уақытша жобаларда жұмыс жасап жатқан КПО қызметкерлерінің жалпы саны 4 368 адамды құрады, оның ішінде 4 133 адам Қазақстандық, ал 235 адам – шетелдік қызметкерлер.

№2-сызба КПО қызметкерлері, 2018–2020



Картада Қазақстанның түрлі аймақтары бойынша КПО қызметкерлері санының проценттік арақатынасы көрсетілген.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ДАМУ

КПО-ның 2015–2020 ж.ж. кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру бағдарламасы бойынша келесі нәтижелерге қол жеткізілді: (1+2) санаты – 79%; (3+4) санаты – 96%. КПО-ның жаңа 2020–2025 жылдарға арналған бағдарламасы билік органдарымен бекітілді. Аталмыш бағдарлама шеңберінде 2020 жылы шетелдік мамандар атқарған 23 лауазымға жергілікті қызметкерлер тағайындалып, 54 лауазым қысқартылды. 2020 жылдың аяғында жергілікті кадрлар жалпы штаттың 94%-ін құрады. Жалпы, 1999–2020 жылдар аралығында КПО-ның 233-ден астам шетел маманы жергілікті қызметкерлермен алмастырылды және шетел маманы атқарған 239 лауазым қысқартылды.

№4-кесте. Қызметкерлер санаттары бойынша КПО-ның кадрлардағы жергілікті қамту үлесін арттыру жоспарды орындау

Санаты	Сипаттамасы	ҚР заңнамалық талабы	2020
1+2	Бірінші басшылар және олардың орынбасарлары, бөлім және нысан басшылары	Кемінде 70%	83%
3+4	Кәсіби мамандар / Білікті қызметкерлер	Кемінде 90%	97%

ОҚЫТУ ЖӘНЕ ДАМУ

Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімге (ӨБТК) қол қойғалы бері жергілікті қызметкерлерді дамытуға 225 млн. АҚШ долларынан астам қаражат жұмсалды. Бұл тренингтер үздік халықаралық институттарда, КПО оқыту орталығында немесе онлайн форматта өткізілді.

2020 жылы КПО компаниясында келесі оқыту және дамыту бағдарламалары жүргізілді:

- Сертификатталған халықаралық біліктілік бойынша, атап айтқанда:
 1. CIPS дипломы – келісімшарттар жұмыстары мен сатып алу жөніндегі мамандарға арналған CIPS институтының сатып алу және жеткізу саласындағы сертификатталған бағдарламасы;

2. Халықаралық қаржылық есеп берудегі ACCA дипломы;
 3. ISO 45001 Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасын басқару жүйесі;
 4. IWCF – Ұңғымалық жұмыстарды басқару / Газдың, мұнайдың, судың байқалуы кезінде ұңғымадағы қысымды қадағалау;
 5. NEBOSH Халықаралық сертификаты;
 6. Сертификатталған ішкі аудит;
 7. Дәнекерлеу мамандарын сертификаттау;
 8. NDT – Бұзбайтын сынақ бойынша сертификат;
- Кәсіби және жұмысқа қатысты арнайы оқытулар;
 - Техникалық және ЕК, ҚТ және ҚОҚ бойынша міндетті оқыту;
 - Тіл үйрену курстары – қазақ және ағылшын тілдері.
 - OPIТО стандартына сәйкес өндіріс операторлары мен техникалық қызмет көрсету техниктеріне арналған кәсіби даму бағдарламасы.



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

КПО өз қызметкерлерінің кәсіптік одақ ұйымдастыру және ұжымдық келіссөздерге қатысу құқығын құрметтейді.

КПО қызметкерлерінің мүддесін қорғайтын үші кәсіптік одақ:

- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ;
- «Қарашығанақ КПО және мердігер ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ;
- «Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.», «TRUST» және мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің жергілікті кәсіподақ ұйымы» ҚБ.

Өз міндеттері шеңберінде, кәсіптік одақтар әлеуметтік және еңбек қатынастарының түрлі аспектілері бойынша Ұжымдық шарттардың жобасын әзірлейді. Ұжымдық шарттың қағидалары, кәсіподақ мүшелігіне қарамастан, барлық КПО қызметкерлеріне қатысты.

2018 жылдың соңында 2019–2021 жылдарға арналған КПО мен кәсіптік одақтар арасында жаңа ұжымдық шарт жасалды. Жаңа ұжымдық шарттағы өзгерістер негізінен төлем мәселелеріне, әлеуметтік өтемақылар мен жеңілдіктерге және қызметкерлердің әлеуметтік жағдайларын жақсартумен байланысты басқа да мәселелерге қатысты.

КПО-да шағымдарды қарастырудың екі жолы бар: ол Еңбек ресурстары басқармасына тікелей немесе кәсіптік одақтар және жедел желісі арқылы хабарлау. 2020 жылы ЕР басқармасына 35 шағым келіп түсті. Келіп түскен шағымдарда еңбек тәртібін бұзу, жұмысқа орналастыру, қақтығысты жағдайларды шешу, қызметтік өкілеттіктерді асыра пайдалану, мердігер ұйым қызметкерлеріне қатысты тәртіп бұзу сияқты мәселелер қарастырылған. Барлық келіп түскен шағымдар қарастырылып, шешімдері табылды.

Ұжымдық шартқа сәйкес, жұмыстардың қысқаруына әкелетін компанияның жойылуы, немесе қызметкерлер жағдайының нашарлауына апаратын ақыларды төлеу жүйесінің немесе көлемінің өзгеруі жағдайында КПО, кемінде екі ай (8 апта) бұрын кәсіподақ ұйымдарын хабардар етуі тиіс.

Мәжбүрлі еңбек қаупінің және / немесе қызметкерлердің жиналыстар өткізуі немесе ұжымдық келіссөздер жүргізу құқықтарының бұзылуының алдын алу үшін КПО жүйелі түрде мердігер ұйымдарға заңнаманың талаптары, ішкі процедуралар мен саясаттар бойынша түсіндіру сессияларын өткізіп тұрады. Кейбір мердігер және қосалқы мердігер ұйымдарда заңнамалық талаптардың сақталуын қадағалау болмаған жағдайда мұндай бұзушылықтар орын алуы мүмкін.

ЕҢБЕКАҚЫ ЖӘНЕ ЖЕҢІЛДІКТЕР

Компания өз қызметкерлерін бағалайды, және бәсекеге қабілетті жалақы мен түрлі жеңілдіктер беруді қоса алғанда лайықты еңбек жағдайларын жасауға тырысады.

Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ұсынылады. Бұл – жұмысқа алу кезінде ұсынылатын шарттардың маңызды бөлшегі. Ол ақшалай және ақшалай емес жеңілдіктерден тұрады.

Компания жыл сайын қызметкерлердің еңбекақысын көтеруді ұсынады, оның ішінде жыл басындағы еңбекақыны өсіру, жылдық жұмысты орындауды бағалау бойынша бонус, сондай-ақ дербес еңбекақыны өсіру және қосымша бір реттік төлемдер бар.

Ақшалай емес сыйақылар қызметкерлердің тиімділігі мен моральдық жағдайын сақтап тұру үшін өте маңызды. КПО өз қызметкерлерін марапаттаудың әртүрлі тәсілдері бар, мысалы корпоративтік іс-шараларға, жеке көрсеткіштер бойынша марапаттау салтанаттарына және кәсіби мерекелерге қатысу, сонымен қатар мақтау қағаздарымен, алғыс хаттармен марапаттау және т.б.

Еңбек өнімділігі көрсеткіштерін тұрақты жақсартып тұру мақсатында Компанияда жыл сайын жүргізілетін қызметкерлердің жұмысты орындауын және дамуын бағалау тәртібі бар. Бұл кемінде алты ай Компаниямен еңбек шартын жасасқан Қазақстандық қызметкерлерге қатысты.




Компаниямен еңбек шарт жасасқан барлық жұмысшыларға әлеуметтік төлемдер мен жеңілдіктер пакеті ұсынылады. Бұл – жұмысқа алу кезінде ұсынылатын шарттардың маңызды бөлшегі.

КПО-НЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫМЕН СЕРІКТЕСТІГІ

Жоғарғы оқу орындары мен жұмыс берушілер арасындағы өзара әрекет – жас мамандарды дайындауға және бейімдеуге көмектесетін ұзақ мерзімді өзара тиімді әрекет.

КПО-да ЖОО-мен әрекеттесу “Студенттерді жұмысқа орналастыру бағдарламасы” арқылы тиісті келісімдер жасалғаннан кейін жүзеге асырылады. 2020 жылы 14 оқу орындарының 18 мамандығы бойынша 106 студент КПО-ның түрлі бөлімдерінде практикалық және дипломалды тағылымдамадан өтті. 2013 және 2020 жылдар аралығында Компания осындай студенттік тағылымдамадан өткен 172 адамды жұмысқа қабылдады.

№ 3-сызба. КПО-да тағылымдамадан өткен студенттер саны, 2018–2020 ж.ж.



ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Біздің мақсатымыз жарақат алу қаупін барынша азайтуға қол жеткізу және оқыс жағдайлар зардаптарын барынша азайту. Қауіпсіздік техникасын қамтамасыз ету КПО-ның ең басты мақсаты.

Өткен жылы КПО мен мердігер ұйымдардағы Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар жиілігі (ЕЖОЖ) 0,06, ал Есепке алынуы тиіс оқиғалар жиілігі (ЕАОЖ) 0,18 көрсетті.

Жол-көлік оқиғаларының жиілігі (ЖКОЖ) көрсеткіші – 0,00.

КПО компаниясы жыл бойы профилактикалық шаралар арқылы алдын алуға болатын, осылайша жазатайым оқиғалардың пайда болуын ескертетін ықтимал қауіп-қатерлер көздерін анықтау дағдыларына оқытуға басымдық қойып, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен нысандар тұтастығын қамтама-


сыз ету механизмдерін жетілдіру жұмыстарын тоқтатпады. Әзірленген профилактикалық шаралардың сенімділігі, осал жерлерін анықтау мақсатында бірнеше рет диагностикадан өтті.

ЕЖОЖ – Еңбек ету қабілетін жоғалтуға әкелген оқиғалар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО).


ЖЕЖ – жалпы есепке алынатын жарақаттар = өліммен аяқталған оқиғалар + Еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуға әкелген оқиғалар (ЕУЖО) + еңбек ету қабілеті шектелген жағдайлар (ЕШЖ) + медициналық көмек көрсетілген жағдайлар (МКЖ).

ЫЖО – Ықтымалдылығы жоғары оқиғалар.

№ 4-сызба. 2020 жылғы ЕЖОЖ, ЖЕЖ, ЫЖО жиіліктері



№ 5-сызба. 2020 жылғы ЖКО жиілігі






2020 жылы КПО-МЕН САТЫП АЛЫНҒАН ТАУАРЛАР, ЖҰМЫСТАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕРДЕГІ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ 59,3%-ҒА ЖЕТТІ, АҚШАЛАЙ БАЛАМАДА 586,7 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫН ҚҰРАДЫ. ЖАЛПЫ, 1997 ЖЫЛЫ ӨБТК ҚОЛ ҚОЙЫЛҒАННАН БЕРІ КПО САТЫП АЛУЛАРЫНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ ҮЛЕСІ 8,2 МЛРД. АҚШ ДОЛЛАРЫНАН АСТЫ.



ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУДЫ ДАМУ

КПО Қарашығанақ кен орнын игеруде жергілікті қамтуды барынша арттыру үшін бар күшін салып келеді. Бұл шаралар қолданыстағы мемлекеттік және өнеркәсіптік бағдарламаларға сәйкес жүзеге асырылып келеді. 1997 жылы ӨБТК қол қойылғалы бері КПО-ның тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді (ТЖҚ) сатып алу шығындарындағы жергілікті қамтудың жалпы үлесі 8,2 млрд. АҚШ долларынан асты.

№ 6-сызба. ТЖҚ сатып алудағы жергілікті қамту, %



КПО тауарлардағы ЖҚ үлесін арттыруды көздеп келеді: СТ-KZ сертификатымен дәлелденген, 16,2% ЖҚ үлесі бар жергілікті кәсіпорындарда өндірілген тауарларға төленген жалпы сатып алудың 33%-і (45,5 млн. АҚШ доллары).

2016 жылдан бері құны 80 млн. АҚШ доллары болатын тауарлардың 32 категориясы, және құны 554 млн. АҚШ доллары болатын жұмыстар мен қызметтер түрлері жергіліктендірілді.

2020 жылғы КПО жергілікті қамтуды дамыту бағдарламасының нәтижелері:

- Қарашығанақ жобасындағы жергілікті қамту үлесі 586,7 млн. АҚШ долларына (59,3%) жетті.
- Жалпы құны 4,8 млн. АҚШ долларын құрайтын тауарлардың 10 категориясында Жергіліктендіру бойынша 21 келісімшарт берілді.
- OEM тауарлар өндірісін жергіліктендіру бойынша 4 жол картасына қол қойылды.
- 194 млн. АҚШ долл. болатын БК құру келісімшарттарына қол қойылды.
- КПО талаптарына сәйкес бірлескен кәсіпорын аясындағы жұмыстар мен қызметтерге 8 тендер жүргізіліп жатыр.
- 2 жергілікті тауар өндіруші ASME және API стандарттарын енгізуді бастады, сертификаттаудан өту 2021 жылға жоспарланған.
- Шағын және орта бизнестің 150 өкілі КПО-ның ШОБ бизнестік біліктілікті дамыту пилоттық бағдарламасына қатысты.

2020 жылы COVID-19 індетінің таралу қаупі мен оның кәсіпорын қызметіне тиетін ықпалына байланысты КПО-ның қоғамдық іс-шаралары KazService, Petrosouciil және БҚО әкімдігімен бірлесіп, онлайн-вебинар түрінде өткізілді.



2020 ЖЫЛЫ КПО ЖАЛПЫ 21 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ ІСКЕ АСЫРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚҰНЫ 26,58 МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ БОЛАТЫН 6 ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАНЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ЖАҢА ІРІ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ АЛДЫҢҒЫ ЖЫЛДАРДА БАСТАЛҒАН ЖОБАЛАРДЫ ЖОСПАРЛАНҒАН МЕРЗІМ ШЕҢБЕРІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРА АЛДЫ.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ҚОЛДАУ



2020 жылы КПО жалпы 21 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны іске асыру шеңберінде құны 26,58 млн. АҚШ доллары болатын 6 әлеуметтік және инфрақұрылымдық жобаны, оның ішінде жаңа ірі ұзақ мерзімді және алдыңғы жылдарда басталған жобаларды жоспарланған мерзім шеңберінде жүзеге асыра алды.

2020 ЖЫЛЫ ОРАЛ ҚАЛАСЫНДАҒЫ КПО АЯҚТАҒАН ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖОБАЛАР:

- “Мұнай базасы” ауданындағы теміржол үстімен өтетін өтпелі жолды және жолдар төсемдерін қайта құру;
- Орал қаласындағы 450 орындық орта мектептің құрылысы;
- И. Тайманов көшесінен Куличева көшесіне дейінгі Ә. Молдагулова көшесін күрделі жөндеу, Орал, БҚО;
- Орал қаласындағы № 7 емхана ғимаратын күрделі жөндеу;
- БҚО Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылындағы 160 көрермендік дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы;
- БҚО Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылындағы 160 көрермендік дене шынықтыру және сауықтыру кешенінің құрылысы;

	2018	2019	2020
Жобалардың жалпы саны	36	26	21**
Аяқталған жобалар	31/5*	3/23*	6/15*
Нақты жұмсалған, млн АҚШ доллары	25,72	31,32	27,37

* жүзеге асыру ұзақтығы бір жылдам астам жобалар (жобаларды келесі жылға көшіру)

** өткен жылдардан көшіріліген жобарады қосқанда

ЭТИКАЛЫҚ ТӘРТІП

ТӘРТІП КОДЕКСІ

КПО нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз ету жүйесі компания ішіндегі нормативтік-құқықтық сәйкестіктің барлық аспектілерін реттейді және оларға басшылық етеді. Осы нормативтік-құқықтық сәйкестікті қамтамасыз етудегі негізгі құжат – Тәртіп кодексі, ол Компанияның ішкі және сыртқы қызметтері кезіндегі және жеткізушілермен, жабдықтаушылармен және басқа да контрагенттермен іскерлік қатынас құрудағы этикалық қағидалардың негізін қалап, құндылықтар мен тәртіп ережелерін белгілейді.

ТӘРТІП КОДЕКСІ МЕН ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ БОЙЫНША ХАБАРДАРЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ОҚЫТУ КУРСЫ

Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары оның барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

КПО-ның жаңадан қабылданған қызметкерлерінің барлығы КПО тәртіп кодексіне кіріспе курсынан өтеді. Қызметкерлердің өз міндеттерімен үздіксіз танысу үрдісін қолдау үшін, КПО-ның барлық қызметкерлері осы саясаттармен танысқандығын нормативтік-құқықтық сәйкестікті сақтау декларациясын толтыру арқылы жыл сайын растау қажет.

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖӘНЕ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ СӘЙКЕСТІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ БАСҚА ШАРАЛАРЫ

Компанияның нормативтік-құқықтық сәйкестік бағдарламасын қолдау мақсатында тегін, анонимдік және құпия жедел желі 2012 жылдан бастап жұмыс істеп келеді.

Жедел желісі қызметкерлер, мердігерлер мен мүдделі тараптар үшін әділ және қауіпсіз жұмыс ортасын қамтамасыз ететін маңызды құрал болып табылады. Желіге дискриминация, жыныстық алымсақтық, мүдделер қайшылығы, қоршаған ортаға зиян келтіру немесе қауіп төндіру және/немесе қаржылық бұзушылық немесе жемқорлық бойынша хабарласуға болады.

ПАРАҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЭТИКАЛЫҚ СӘЙКЕСТІК-КЕ ТЕКСЕРУ

КПО ықтимал бизнес серіктестерінің әрқайсысымен байланысты қауіп-қатерлерді анықтау және қауіп-қатерді төндіруі мүмкін мәселелерді тиісінше реттеу шараларын айқындау мақсатында 2012 жылы этикалық сәйкестікке тексеру бағдарламасын іске қосты.

Әрбір ықтимал бизнес серіктес меншік, бизнесті басқару және жүргізу, оның ішінде өзінің этикалық іскерлік тәжірибесі туралы ақпарат сұрататын сауалнама алады. Ықтимал серіктес компания туралы корпоративтік ақпаратты растау және бұл компанияның іскерлік тәжірибесі туралы қандай да бір жағымсыз есептердің жоқтығын тексеру үшін КПО Дуу Джонс қауіп-қатерлер мен сәйкестік деректер қорын және басқа да халықаралық деректер қорларын (соның ішінде салық және сот жүйелері деректер қорлары) пайдаланады. Серіктестердің қойылған талаптарға сәйкестігін, сондай-ақ, қажет болған жағдайларда, қалдық қауіптерді азайтуға қолданылатын тиісті шараларды анықтау мақсатында қауіптерді бағалау жұмыстары жүргізіледі.

Сонымен қатар, КПО өзінің бизнес серіктестерінен КПО-мен жасалған келісімдердегі міндеттемелерді орындау арқылы жемқорлыққа және парақорлыққа қарсы қолданыстағы қазақстандық және халықаралық заңдарға сәйкес жұмыс істеуді талап етеді.

Осы шаралар серіктестерімізге КПО-ның бизнес жүргізуде жоғары этикалық стандарттарды ғана ұстанатынын ескерткеніне сенімдіміз. Біз жемқорлық пен парақорлықты болдырмау мақсатында бизнес серіктестерімізді қолдап, олармен ынтымақтастықта қызмет етудеміз.



Компания КПО-ның тәртіп кодексінде келтірілген бизнесті жүргізудегі этикалық қағидалары оның барлық қарым-қатынастардың негізі болып табылатын әділ және таза бизнес ортасын құруға ниетті.

ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚПЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қарашығанақ кен орнын дамытумен бірге, КПО жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты нығайту, яғни экономикалық дамуға және өркендеуге қолайлы жағдай жасау арқылы өз қызметтерінен болатын кері әсердің алдын алу немесе барынша азайту, және пайданы арттыру бағытында жұмыстанып келеді. Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы саясаттары, стандарттары мен процедуралары Халықаралық қаржы корпорациясының (ХҚК) қызметтер стандарттарына негізделген.

2020 жылы КПО коронавирус пандемиясы салдарынан болған сапарға шығу шектеулеріне қарамастан жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасты жалғастырды. Біз Бөрлі ауданының үш елді мекенімен, атап айтқанда Приурал, Жарсуат және Успен ауылдары өкілдерімен онлайн режимде 10 консультациялық кеңес өткіздік. Аталмыш жиналыстар барысында тұрғындарға 2020 жылы жүзеге асырылған жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламалары, қоршаған орта мониторингі бағдарламасы және жергілікті тұрғындарға арналған стипендия бағдарламасы іске қосылатыны

туралы хабар бердік. Өткізілген кездесулердің көбісінде КПО қызметкерлері жергілікті тұрғындарды ауылдарда коронавирустың таралып кетуін болдырмау үшін негізгі санитарлық-гигиеналық ережелерді сақтауға шақырды.


Біздің 2020 жылғы қызметтеріміз негізінен қоныс аударған отбасыларға арналған Аралталдағы 100 үй мен мектепке, сондай-ақ Ақсай қаласындағы 9 қабатты екі үйге қызмет көрсетудің 36 айлық кепілдік мерзімдерін аяқтауға бағытталды.


Жергілікті тұрғындарды дамыту бағдарламасы аясында КПО Бөрлі ауданының 150 үлкен жастағы тұрғынына “Ақжайық” шипажайына жолдама берді. Приурал, Жарсуат және Успен аулдарының 7 түлегі Батыс Қазақстан облысының колледждері мен университеттеріне оқуға түсті. Жергілікті тұрғындарға арналған стипендия бағдарламасына сәйкес КПО олардың оқуын және оқу кезеңінде ай сайынғы стипендия төлемдерін қаржыландырады.








«Карачаганак Петролиум Оперейтинг Б.В.»
Қазақстандық филиал
Қазақстан Республикасы
Батыс Қазақстан облысы Берлі ауданы
090000 Ақсай қ-сы
Промышленная Зона көшесі, 81Н құрылысы

 www.facebook.com/kpobv

 www.linkedin.com/kpobv

 www.instagram.com/kpobv

 www.vk.com/kpobv

 www.youtube.com/karachaganak